

Осакаров ауданы әкімінің 2022 жылғы 15 шілдедегі № 02 "Осакаров ауданы Қаратомар ауылдық округінің Сенокосное ауылының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімінің 2023 жылғы 13 қаңтардағы № 02 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 17 қаңтарда № 6346 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес ШЕШТІМ:

1. Осакаров ауданы әкімінің 2022 жылғы 15 шілдедегі № 02 "Осакаров ауданы Қаратомар ауылдық округінің Сенокосное ауылының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28877 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Осакаров ауданының әкімі

Р. Нурмуханбетов